


# ГОРНО-МЕТАЛЛУРИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

Январь – август 2023 г.



**7,7**  
ТРАН ТГ.



ИФО

ДОБЫЧА МЕТАЛ. РУД – **98,8%**

МЕТАЛЛУРГИЯ – **95,7%**

- Добыча металлических руд
- Metallургическая промышленность

**\$7,4** МЛРД




ЭКСПОРТ

ИМПОРТ 40,4%  
ОТП 59,6%



РЫНОК


**\$2,2** МЛРД



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за 7мес. 2023 г.

## ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-АВГУСТ 2023 Г., МЛРД ТЕНГЕ



**2023 жылғы қаңтар-тамызда ҚР тау-кен металлургия саласы өндірісінің көлемі 7,7 трлн теңгені құрады, бұл, құндық көріністе 2022 жылғы осы кезеңнен на 8,9% төмен. Металлургия өнеркәсібі құрылымында негізгі үлесті түсті металлургия – 3,6 трлн теңге, қара металлургия өндірісі 1,7 трлн теңгені құрады.**

Металл кенін өндіруде негізгі үлесті **түсті кен өндіру** – 2,0 трлн теңге және қалған бөлігін **темір кенін өндіру** – 0,34 трлн теңге құрайды.

**«Металл кенін өндіру» ФКИ** 2023 жылғы қаңтар-тамызда 98,8% құрады. Сонымен қатар, **«темір кенін өндіру» ФКИ** 85,1% құрады. Сектордағы теріс динамика темір кенін өндірудің төмендеуі (81,3%) есебінен қалыптастырылды. **«Түсті металл кенін өндіру» ФКИ** 101,2% құрады.

Өндірістің өсуі негізгі түсті металл кенінің өсуіне байланысты: мыс-мырыш (112,6%); мыс (108,8%), алтыннан тұратын (107,4%), алюминий (боксит) (103,1%).

**«Металлургия» ФКИ** 2023 жылғы қаңтар-тамызда теріс мағынаны көрсетуде – 95,7%. **Түсті металлургияда ФКИ** төмендеуі (95,9%) тазартылған күміс (79,8%); тазартылған алтын (73,0%); өңделмеген тазартылған мыс (96,9%); өңделмеген тазартылған қорғасын (96,4%) өндірісінің төмендеуіне байланысты.

**Қара металлургия ФКИ** қолданбалы шойын (91,6%); ферроқорытпа (82,2%) өндірісінің төмендеуі есебінен 95,3% құрады.

Тазартылмаған болат өндірісінің ұлғаюы байқалады (113,6%).

2023 жылғы қаңтар-шілдеде **металлургия өнімінің экспорты** 7,4 млрд АҚШ долл. құрап, 16,2%, төмендеді, соның ішінде, қара металлургия – 2,6 млрд АҚШ долл., түсті – 4,7 млрд АҚШ долл.

Өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда қара металлургия экспортының көлемі 18,0% төмендеді, түсті металлургия 15,4%.

Металлургия өнімі **экспортының құндық құрылымында** құн бойынша негізгі көлемді мыс (24,8%), ферроқорытпа (19,7%) және уран (17,8%) құрайды. Металлургия өнеркәсібі экспортының төмендеуі мыс, ферроқорытпа және жазық прокат экспортының құндық көлемінің төмендеуі есебінен қамтамасыз етілді.

2023 жылғы қаңтар-шілдеде ҚР металлургия өнімінің негізгі нарығы Қытай (28,1%), Ресей (25,2%), Түркия (10,9%) және Біріккен корольдік (5,1%) болды.

2023 жылғы қаңтар-шілдеде **металлургия өнімі импортының** көлемі былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда 6,2% өсті және 2,2 млрд АҚШ долл. құрады, соның ішінде, қара металлургия – 1,87 млрд АҚШ долл., түсті металл – 0,32 млрд АҚШ долл.

Өнеркәсіп металлургиясы импортының өсуі дәнекерленген және жіксіз құбырлар, жазық прокат, сондай-ақ, рельстер импортының құндық көлемінің өсуі есебінен қамтамасыз етілді.

Металлургия өнімі **импортының құндық құрылымында 2023 жылғы қаңтар-шілдеде төмендегі тауарлар басым:** дәнекерленген құбырлар (23,4%), жіксіз құбырлар (17,5%), жазық прокат (14,9%) және шыбықтар (14,4%).

2023 жылғы қаңтар-шілдеде Ресей (75,2%), Қытай (9,6%), Италия (3,1%) және Өзбекстан (1,8%) ҚР металлургия өнімін негізгі жеткізушілер болып табылады.

2023 жылғы қаңтар-шілдеде ҚР-да металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 5,5 млрд АҚШ долл. құрады, онда ОТӨ үлесі 59,6%, импорт өнім үлесі 40,4% құрайды.

Сала 3 өңірде жоғары аумақтық шоғырланумен ерекшеленеді: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында.

ҚР металлургия өндірісінің құрылымында Қарағанды облысының үлесі шамамен 21,1%, ШҚО – 18,5% және Павлодар облысы – 14,5% құрайды.